

ШАКӘРІМ ШАҢҰРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл №11 (135) желтоқсан

30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА

30 МЕРОПРИЯТИЙ
В ЧЕСТЬ 30-ЛЕТИЯ

ПРОФЕССОР
С.С. МАУСЫМБАЕВ
АТЫНДАҒЫ
ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ



2-3 бет

«ДАРИФА,
ДОМБЫРАМДЫ
БЕРШІ МАҒАН!»



6-7 бет

ҒАЛЫМ
АДАЛДЫҒЫНА
ҚҰРМЕТ



8 бет



Құрметті профессорлар, оқытушылар және қызметкерлер!

Сіздерді мемлекетіміздің тұғырлы мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата-бабадан мирас болып қалған тарихқа бай, кең-байтақ өз жеріміз бар, ана сүтімен сіңген өз тіліміз бар. Бұлар бір-біріне тамыры байланған ұғымдар. Осы құндылықтарды бағалай білген ұрпақ қана Тәуелсіздіктің қадірін ұғына алады. Даму мен өркениеттілікті игергісі келген жұрттардың әр мезеті, әр секунды қымбат. Дәп қазір 30 жылдықты тойлатып отырған Тәуелсіз Қазақстанның әр тынысы құнды, әр уақыты бағалы. Сол құндылықтардың кепілі – білімді де намысты ұрпақ қана. Сондықтан ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру – біздің міндетіміз.

Еліміз әлемдік мемлекет аралық кеңістіктен өз орнын айқындап, қарыштап дамудың даңғыл жолына түсті. Тәуелсіздіктің 30 жылында атқарылған барлық шаралар халқымыздың болашағы мен еліміздің өркендеуіне бағытталды. Әлеуметтік, экономикалық, рухани қарым-қатынас нәтижесінде әлемнің алпауыт мемлекеттерімен иық тірестіретін дәрежеде еліміз жалпыадамзаттық мәселелерді реттеуге қатысты. Халқымыздың берекесі мен бірлігінің арқасында Алаш ардақтылары арман еткен қуатты мемлекетке айналдық.

Данышпан Шәкәрімнің:

*Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл,*

- деген ғибратты сөзін ұстаным еткен біздің университет те еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру жолында талмай еңбектеніп келеді.

Бүгінгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен рухани жаңғыруында білім мен ғылым қызметкерлері – Сіздердің қосқан үлестеріңіз айрықша!

Әр адам үшін қастерлі саналатын «тәуелсіздік» ұғымын көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманаттау сіздер мен біздерге парыз!

Абай даналығынан нәр алып адамгершіліктің «бес асыл» ісін бойына сіңірген саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында жасап отырған қызметтеріңізге шығармашылық табыс тілеймін. Отбасында амандық, береке мен бірлік, қуаныш пен шаттық орнап, денсаулықтарыңыз мықты болсын! Мемлекеттілігіміз мәңгілік, тәуелсіздігіміз баянды болғай!

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы – Ректор
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**

◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

ПРОФЕССОР С.С. МАУСЫМБАЕВ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ

Шәкәрім атындағы университеттің жаратылыстану-математика факультетінің физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасында физика-математика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР және РФ физика профессоры, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Ы.Алтынсарин атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты Серікбай Сәлімбекұлы Маусымбаев атындағы дәрісхана салтанатты түрде ашылды.



Жиында «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры Б. Ердембеков сөз сөйледі. Ғалым-педагог қызмет ететін ЖОО-дағы факультет деканы А.Рахимжанова баяндама жасаса, Семей қаласының зиялы қауым өкілдері З. Токаев, А.Еспенбетов, Б.Ақжалов, құдағиы Амангул Асанқызы және Абай ауданынан құдасы Т.Аманғазин сөз етті. Сонымен қатар әр жылда бітірген шәкірттері п.ғ.д., Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры С.Нұрқасымова, Нұр-Сұлтаннан п.ғ.д., профессор Б. Мұқышев, доцент Б. Желдібаева, «100 жаңа есім» конкурсының жеңімпазы, Қазақстандағы ядролық медицинаның негізін қалаушы, қауымдастық профессор С.Нуркенов, ҚР Ұлттық ядролық орталықтың Атом энергиясы институты филиалы директорының орынбасары Е. Қоянбаев, «Әлемнің үздік ұстазы» премиясының финалисі А. Жумабеков лебіздерін жеткізді.

Кафедра меңгерушісі Д.Оспанова жаңадан ашылған дәрісхананың әрбір стендісіне түсініктеме берді. Ол стенділерде «Өмір ағымы», «Википедия материалдары», Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы, ғалымның ұстаздары және шәкірттері, студенттік эксперименттік алаң үйірмесінің мүшелері жасаған аспаптар, фи-

зика музейі, 3d физика роботының лабораториялық жұмыстары, Әлем бейнесі туралы мәліметтер берілген.

Серікбай Сәлімбекұлының Қазақстанда, Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Голландияда және АҚШ-та жарияланған 250-ден астам еңбектері жеке стендіде орын алған. Кездесу барысында 50-ден астам кванттық физиканың және педагогика саласындағы оқу процесінде қолданылатын ғылыми зерттеу еңбектері университет кітапханасы қорына және студенттер мен магистранттарға тарту етілді.

Дәрісхананың ашылу рәсіміне жиылған жұрт қауымы көп болды. Барлығы да ғұмырын физикаға, педагогикаға, оқытушылық қызметке арнаған, әлі де әрекетті ұстаз ретінде келе жатқан С.С. Маусымбаев туралы ойларын айтты. Осы ойларды жинақтап, бір жүйеге келтіруге болады.

Серікбай Сәлімбекұлы 1947 жылы Семей қаласында дүниеге келген. Аяғөздегі № 58 орта мектепті медальмен бітіріп, ҚазҰУ-дің физик-оқытушы мамандығы бойынша 1970 жылы бітіреді. Сол жылы министрліктің жолдамасымен Семей педагогикалық институтының физика кафедрасына оқытушы болып орналысты. Бір оқу орнында 51 жылдан астам қызмет жасаған, оның 31 жылы кафедра меңгерушісі, 10 жылы проректорлық

қызметте. 1976 жылы аспирантурадан кейін Киевте теориялық физикадан, ал 2006 жылы Ұлттық ядролық орталықта (Курчатов қ.) мамандарды даярлау бойынша Алматыда педагогикадан докторлық диссертация қорғады.

Қазіргі кезде теориялық физикадан дәріс оқиды, Қазақстанда, Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Голландияда, Англияда және АҚШ-та жарияланған 250 ғылыми еңбектің авторы.

С.С. Маусымбаевтың жетекшілігімен студенттік үйірмеде 40-шақты физикалық аспаптар жасалды және физика музейі ашылды. Ол басқарған физика кафедрасы республикалық деңгейде алғашқы 1-3 орында көрінді, сонымен қатар ғылыми еңбектері жоғары бағаланды, ал өзі ЖОО-ның үздік оқытушылар рейтингісі бойынша 2014 жылы TOP-30, 2015 жылы TOP-50-ге енді. Университетте «Жоғары және орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі» атты ғылыми мектептің жетекшісі.

Серікбай Сәлімбекұлы ҚР Ұлттық ядролық орталықтың базасында инженер-физиктер, физиктер, инженер-радиохимиктер және т.б. болашақ мамандарды даярлауға үлкен үлес қосты. Бұл жұмыстарды ол физика кафедрасында құрылған ядролық орталықтың филиалы арқылы атқарды. Нәтижесінде Курчатовтың ғылыми-зеттеу институттарындағы физиктерінің жартысынан көбісі Шәкәрім университетінің түлектері.

Серікбай Сәлімбекұлы Маусымбаев ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында 25 жыл Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылым академиясының Семей және Курчатов қалаларындағы филиалдың төрағасы ретінде қызмет атқарып келеді.

Осы аталған еңбектердің нәтижесінде Серікбай Сәлімбекұлы әртүрлі деңгейдегі наградалармен марапатталды және әлемдік деңгейде «XX ғасыр физиктері», «XXI ғасыр физиктері», «ҚСРО физиктері», «Қазақстан TOP-20 физиктері» Википедия анықтаған категорияларға енді.

С.С. Маусымбаев ғалым-ұстаздық қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Қазақстанда және алыс, жақын шетелде белгілі педагог, ғалым және қоғам қайраткері ретінде танымал азамат.

Ерболат ҚОЯНБАЕВ
ҚР ҰЯО Атом энергетикасы институты директорының материалтану зерттеулері жөніндегі орынбасары, шәкірті

◆ 30 МЕРОПРИЯТИЙ В ЧЕСТЬ 30-ЛЕТИЯ ◆

**ОТКРЫТИЕ АУДИТОРИИ ИМЕНИ ПРОФЕССОРА
С.С. МАУСЫМБАЕВА**

На кафедре физико-математических наук и информатики естественно-математического факультета университета имени Шакарима состоялось торжественное открытие аудитории имени Серикбая Салимбековича Маусымбаева, кандидата физико-математических наук, доктора педагогических наук, профессора физики РК и РФ, академика Казахской Национальной академии естественных наук, лауреата республиканской премии имени И.Алтынсарина.

На мероприятии выступил Председатель Правления-Ректор НАО «Университет имени Шакарима города Семей» Б. Ердембеков. С докладом о деятельности ученого-педагога выступила декан факультета А. Рахимжанова, представители интеллигенции города Семей З. Токаев, А. Еспенбетов, Б.Акжалов, сваты Амангуль Асановна и Төкен Амангазин. Наряду с этим виновника торжества горячо поздравляли окончившие в разные годы его ученики д.п.н., профессор ЕНУ имени Л.Гумилева С.Нуркасымова, д.п.н., профессор из г. Нұр - Султана

Б.Мукушев, доцент Б.Желдибаева, основоположник ядерной медицины в Казахстане, ассоциированный профессор, победитель конкурса «100 новых лиц Казахстана» С.Нуркенов, заместитель директора филиала института Атомной энергии Ядерного центра РК Е.Коянбаев, финалист премии «Лучший учитель мира», заведующий кафедрой НИШ г.Семей А. Жумабеков.

Заведующая кафедрой Д.Оспанова дала разъяснение содержанию каждого стенда в аудитории имени Маусымбаева. На этих стендах отражены следующие разделы: «Течение жизни», «Материалы Википедии», Казахская Национальная академия естественных наук, Национальный ядерный центр РК, его наставники и ученики, физические приборы, разработанные членами кружка, «Студенческая экспериментальная площадка», музей физики, лабораторные работы 3d физического робота, облик Вселенной.

250 научных работ, опубликованные Серикбаем Салимбековичем в Казахстане, России, Украине, Узбекистане, Голландии и США выставлены на отдельном стенде. В ходе встречи более 50 книг, по квантовой физике и педагогике, используемые в учебном процессе, переданы в дар фонда библиотеки университета и студентам, магистрантам.

На мероприятии, посвященному от-

крытию аудитории собралось большое количество людей. Они высказали свои мысли относительно деятельности С.С.Маусымбаева, посвятившего всю свою жизнь физике, педагогике, преподавательской деятельности. Эти мысли можно свести в одну систему.

Серикбай Салимбекович родился в г. Семипалатинске в 1947 году. Окончив среднюю школу № 58 с медалью, в 1970 году окончил КазГУ по специальности «физик-преподаватель». В этом же году он по направлению министерства образования был принят на кафедру физики Семипалатинского пединститута в качестве преподавателя. В этом вузе он работает более 51 год,



из них в качестве проректора 10 лет, заведующего кафедрой физики 31 год. В 1976 году, после окончания аспирантуры в Киевском университете имени Т.Г. Шевченко защитил кандидатскую диссертацию по теоретической физике, а в 2006 году докторскую диссертацию в КазНПУ имени Абая по подготовке специалистов в Национальном ядерном центре г. Курчатова.

В настоящее время читает лекции по теоретической физике, является автором 250 трудов, опубликованных в Казахстане, России, Украине, Узбекистане, Голландии, Англии и США.

Под руководством С.С. Маусымбаева в студенческом кружке разработаны



около 40 физических приборов и открыт музей физики. Под его руководством кафедра физики занимала 1-3 места на республиканском уровне, наряду с этим высоко оценены его научные труды, а он сам входит согласно рейтингу вузов в TOP-30 (2014г.), TOP-50(2015г.).

Он руководит научной школой «Методика преподавания физики в высшей и средней школе» в университете.

Серикбай Салимбекович вносит большой вклад в подготовку физиков, инженеров-физиков, инженеров-радиохимиков и других будущих специалистов на базе Национального ядерного центра РК. Эту работу осуществляет через филиал ядерного центра, открытый на кафедре физики. В результате больше половины физиков работающих в научных исследовательских учреждениях наши выпускники.

В результате Серикбай Салимбекович награжден наградами различного уровня и вошел в категории, определенные Всемирной Википедией: «Физики XX века», «Физика XXI века», «Физики СССР», «Физики Казахстана TOP - 20».

С.С. Маусымбаев с большой ответственностью относится к своей работе ученого-педагога. Он известен в Казахстане, а также ближнем и дальнем зарубежье как известный педагог, ученый и общественный деятель.

Ерболат КОЯНБАЕВ
заместитель директора
по материаловедческим
исследованиям института
Атомной энергии НИЯЦ РК

НАСЛЕДИЕ ШАКАРИМА И ВЫСШЕЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В НОВЫХ УСЛОВИЯХ


Университет в городе Семей носит имя Шакарима, великого деятеля культуры, науки и образования. Круг его интересов был необычайно широк: философия, история, география, музыка, риторика, естественные науки, теология. Благодаря одаренности, постоянному самосовершенствованию он стал одним из самых высокообразованных людей своего времени. Еще в молодые годы Шакарим овладел турецким, арабским, персидским, русским языками, знал и переводил произведения из восточной и русской литературы. Наследие Шакарима, знатока языков, полиглота, филолога – неоценимое богатство современных лингвистов, филологов. Глубокое знание родного языка и изучение других языков, с точки зрения Шакарима, – непереносимое условие развития духовности.

В Университете Шакарима филологическое образование традиционно поддерживается как одно из основных направлений деятельности. В современных условиях оно расширяется благодаря межкультурным контактам и межязыковым связям.

Но первая из серьезных проблем на пути интернационализации образования: языковой барьер невозможно преодолеть без знания языков. И в этих условиях важнейшей предпосылкой международного сотрудничества становится обеспечение взаимопонимания посредством преподавания и изучения языков. Первый Президент РК – Елбасы Н.А. Назарбаев отмечал: «Будущее казахстанцев – за свободным владением казахским, русским и английским языками».

Филологический факультет один из молодых в университете, который готовит кадры по специальным образовательным программам. На факультете работают высококлассные специалисты. Филологический факультет возглавляет к.ф.н., профессор Кадыров Айбар Кабыкелулы. За последние годы обладателями высокого государственного звания «Лучший преподаватель вуза» стали более 10 сотрудников факультета. Вся работа, проводимая деканатом и кафедрами факультета, направлена на подготовку конкурентоспособных кадров. Преподаватели активно используют современные электронные программы и компьютерные технологии, мультимедийные средства и ресурсы Интернета, видеокурсы, создают мультимедийные учебные пособия, электронные лексические и терминологические словари, цифровые образовательные ресурсы. В распоряжении студентов имеются компьютерные классы и ресурсные центры.

Большое внимание уделяется углубленному изучению иностранных язы-



ков. Обучающиеся на регулярной основе проходят обучение в США, Великобритании, Венгрии, Польше, Турции, Южной Кореи, Российской Федерации. Практикуется приглашение авторитетных ученых из зарубежных университетов для чтения лекций. Налажена система повышения квалификации преподавателей через «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» и языковые курсы в городах Нур - Султан, Алматы, Усть-Каменогорск и Павлодар, после которых педагоги обмениваются опытом, проводят обучающие семинары и научные конференции.

В последнее время важнейшим критерием оценивания деятельности вуза и факультета стал спрос работодателей на выпускников. Знание сейчас приобретает инструментальный характер, а прикладные специальности ценятся высоко. Профессия филолога по большей части – прикладная. Это обучение языкам, создание и переводы текстов, работа с разными объемами информации. Именно такие компетенции приобретают студенты и магистранты факультета.

Кроме этого, на факультете лежит задача подготовки по русскому, казахскому и английскому языкам обучающихся всех образовательных программ в университете. Полиязычие предполагает обучение в специальных полиязычных группах на разных языках – на казахском, русском и английском».

На основе международных про-

грамм сотрудничества университета студенты могут обучаться в ведущих вузах мира. На факультете развиваются различные направления и программы академической мобильности: бакалавриат 2+2 (1-2 курсы студенты обучаются в университете имени Шакарима города Семей, а на 3-4 курсах проходят обучение в зарубежном вузе-партнере); внутренняя академическая мобильность – обучение в вузе-партнере в Республике Казахстан до одного семестра; внешняя академическая мобильность – обучение в зарубежных вузах до одного семестра; программа академической мобильности Erasmus+; обучение по стипендии правительства Турции «Мевлана». В настоящее время 13 студентов проходят обучение по академической мобильности в Польше.

Руководство университета и факультета постоянно ищет новые способы повышения качества образования. Сейчас, в условиях глобальных экономических изменений и информационной революции, происходит трансформация образования. Выпускники факультета востребованы на рынках труда. Факультет призван обеспечить международные стандарты филологического образования. Актуальность филологического и педагогического образования возрастает в связи с обновлением содержания образования в Казахстане. Сейчас мы работаем над этим, готовя новые курсы для студентов, проводя семинары с учителями школ по обновленной программе, курсы английского языка для студентов и преподавателей университета в целях развития полиязычного образования.

Филологический факультет существует сравнительно недавно, но за это время ему удалось найти свое место в образовательном пространстве Казахстана. Факультет предлагает новые перспективные образовательные программы для абитуриентов, в том числе двойные программы, расширяющие возможности выпускников. Впереди у факультета большое будущее, как у филологии, замечательной науки, объединяющей людей.

В преддверии предстоящего 30 - летия Независимости Республики Казахстан, ППС факультета поздравляет всех преподавателей и обучающихся от всего сердца и желает здоровья, финансового благосостояния и достатка, творческих успехов и новых достижений на пьедестале отечественного образования и науки.

Гайнигуль ИСМАИЛОВА
кандидат филологических наук,
профессор



Талай белестерден өткен қазақ халқы үшін, тәуелсіздік ұғымы аса қастерлі. Тәуелсіз болу еркіндік пен бостандықты ғана емес, өзге деген құрмет пен жауапкершілікті жүктейді. Қазақстан осы тәуелсіздік алғаннан бері қандай белестерден өтті, бағындырған белестеріміз бен сүрінген тұстарымыз қайсы? Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы үш кезеңге бөліп, өткеніміз бен бүгінгімізді түгіндеді. Алғашқы он жылдық қай-қайсысымызға болсын оңайға соқпады. Енді тұсауын кескен жас сәбидің өзі, бірден жүгіріп кетуі екіталай. Оны жарқын болашағы үшін демеп, ілгері басуды үйретеміз. Әйтсе де, шоқтың күл болып өшуі де, от болып лаулауы да өзіне байланысты. Бұл бірлік пен берекені ұстанымына айналдырған қазақ халқының бүгінгі көрінісі. Бастапқы кезең әлем елдері арасында өз орнымызды қалыптастырудан басталды. Түркия санаулы сағаттың ішінде Тәуелсіздігімізбен құттықтап, басқа мемлекеттерге үлгі көрсетті. Ел тарихы жолында бірегей маңызды құжаттар дайындалып, өз күшіне енді. Әлемде Қазақстан атты тәуелсіз мемлекет өз іргесін қалады. Өзгеріске бейім мемлекет қана жарқын болашақты аңсай алады. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Ел іргесін нығайттық. Әлем картасында ойып тұрып шекарамызды белгіледік. Дархан жеріміздің үлкендігінен тоғызыншы орын алғанымызбен, қонақжайлылық пен пейіліміз бірінші орынға жайғасты.

Екінші онжылдықта онан әрі толыса түстік. Керегемізді кеңейтіп, экономика саласы өзінің оң нәтижесін беріп келеді. Әлемдік ұйымдарға мүше болып, тіпті басшылық қызмет те атқардық. Медицина саласы озық үлгідегі технологияларды пайдалана отырып, талай жанның дертіне дауа болды. Тұрғын үйде, тиісінше Отанына оралған қаңдастарымыздың саны көбейе түсті. Спорт, білім, мәдениет, өркениет салалары да ауыз толтырып айтарлықтай дамыды.

Үшінші онжылдықта мәуелі бәйтерекке айналып келеміз. Шаңырағы биік, керегесі кең, терезесі тең алпауыт елдермен иық теңестіре бастадық. Дамыған отыз, тіпті он елдің қатарына қосылуды көздеп отырмыз. Тәуелсіздік күнделікті еңбек пен қаржылықты, маңдай термен келген дүниелердің қадірін біліп, соның мәнісіне жету. Мына байтақ жер - атадан-балаға қалған аманат. Аманатқа қиянат жасауға болмайтыны даусыз. «Бір уыс топырақ қазақтың табанының астында жату керек», - деп ел ертеңін әуел бастан ойлаған Әлихандай дара тұлғалардың арманы орындалып келеді. Қазақ тілінде сөйлеп жүрген қаншама Отандастарымыз бен басқа этнос өкілдері көз қуантады. Жарқын болашақ үшін ата-бабаларымыз абақтының табалдырығын тоздырып, жонынан таспа тілгізіп, жастар, мына бізді «Қараңғы қазақ көгіне күн қылып» шығарып, жол сілтеді. Өттеген-ай дейтін тұсымыз осыны тереңнен түсінер сана, сараптайтын кемел өре жетіспей жатады.

Келесі төртінші онжылдық алпауыт елдермен табан тіресе, мәреге қай салада болмасын бірінші болуға ұмтылу жылдары болмақ. Мемлекет басшысы айтқандай: «Бұл - Абай айтқан толық адамның көрінісі». Осы жеткен жетістіктеріміз әрине, тұңғыш Елбасымыздың сындарлы саясатын мен еліміздің мығым әрі саналы ұрпақ тәрбиелеуінің арқасы. Биылғы жыл «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» деп аталуы тегін емес. Өткенге көз жүгіртіп, болашақты бағдарлап қана жоспар құра аламыз. Еліміздің келешегі жастардың қолында, сондықтан, ел ертеңін ойлайтын саналы жастардың қатары молая түсуін қалаймыз.

Айжан ХИБАДУЛЛИНА
Қазақ филологиясы және журналистика
кафедрасының оқытушысы

СЛАВЛЮ ТЕБЯ, МОЙ КАЗАХСТАН!

В рамках празднования 30-летия независимости Республики Казахстан

3 декабря 2021 года доцентом кафедры иностранных языков кандидатом педагогических наук О.Т.Солтанбековой и старшим преподавателем кандидатом педагогических наук Т.Д.Исабаевой проведено мероприятие «Гүлдене бер, Қазақстан!» («Славлю тебя, мой Казахстан!»).

В подготовке мероприятия и оформлении зала активное участие приняли студенты групп ГК-101, ТФ-101, Х5-101, ВТ-101 инженерно-технологического факультета Университета имени Шакарима города Семей.

Ведущие мероприятия Азиза Қанатқызы и Бақдаулет Әділқариев (группа ТФ-101) рассказали о знаменательных датах из истории Республики Казахстан.



Студенты группы ТФ-101 Аружан Нурекенова, Аружан Нургазина, группы БЖ-101 Султан Кенесбеков, группы ГК-101 Бекжан Байғазин, Жантас Жарыққанұлы, Жасулан Әлимбек прочитали на казахском, русском и английском языках стихотворения о родной земле, государственных символах нашего государства, об обретении независимости и роли языков в жизни общества.

Прозвучали песни о любви к Родине на казахском и русском языках в исполнении студентов группы ТФ-101 Аружан Нурекеновой, Алтын Рысбека, Дильназ Сайдахметовой, группы ВТ-101 Амантая Мейрамғалиева, группы Х5-101 Альбины Қуатбек, Даны Топеугалиевой.

Студент группы Х5-101 Ернұр Сәлімхан исполнил кюю на домбре.

Был показан фильм, повествующий о достижениях Казахстана в образовании, здравоохранении, культуре, экономике, сельском хозяйстве за

30 лет независимости, о роли Первого Президента страны Н.А.Назарбаева в становлении независимого государства.

Особый интерес у студентов вызвала викторина, посвященная Дню Независимости Республики Казахстан.

В завершение мероприятия студенты и преподаватели кафедры иностранных языков Т.М.Демежанов, Л.Х.Мотовилина, Г.С.Басимова, С.Б.Капатаева исполнили песню «Көк тудың желбірегені».

Проведение таких мероприятий приобщает молодое поколение к героическому прошлому страны, способствует воспитанию у обучающихся патриотизма и содействует развитию трехязычия.

О.Т. СОЛТАНБЕКОВА
кандидат педагогических наук,
ассоциированный профессор
Т.Д. ИСАБАЕВА
кандидат педагогических наук,
старший преподаватель

«ДАРИҒА, ДОМБЫРАМДЫ»

Уа, Тұрсынғазы!

Бәйтеректің -

домбыраң - сүйегінен.

Айналып-ақ кетейік тиегінен!

Тірлік ету пендеше - қиын саған,
кеудеңдегі періште - жүрегіңмен!

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы.

Университетімізде Тұрсынғазы Рахимовтың рухы асқақтаған, қылқалам шеберлерінің өрнегі айшықталған үлкен игі шара өтті.

Салтанатты шара Гуманитарлық-экономика факультеті орналасқан №8 ғимараттың 2-қабатында жасақталған «Art Hall» көрмесінің ашылуымен басталды. Бояулары жымдасып, қыл қалам иелерінің тылсым әлеміне шақырған өнер туындылары ҚР суретшілер одағының мүшелері Өтепбаев Н.Н., Жуанышев Т.Р., Адылханов С.А., Татиев Т.А., ҚР дизайнерлер одағының мүшесі Нысанғалиева Б.Т., Евразия дизайнерлер одағының мүшесі Жабагина К.Т., жас суретшілер Шаяхметов Ү.С., Кәрімова А.Т., сондай-ақ түлектер мен студенттердің шығармашылық жұмыстары.

Көрме лентасын ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Абай және ұлттық руханият» Ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі ф.ғ.д. профессор Еспенбетов Арап Сләмұлы мен ҚР суретшілер және дизайнерлер одағының мүшесі, Өнер және музыка кафедрасының профессоры Өтепбаев Нұрбұлан Нұғыманұлы қиды. Жалпы көрменің мазмұны кескіндеме, графика, сәндік қолданбалы өнер техникасында орындалған жұмыстар.

Көрменің ашылу салтанатынан кейін университет басшысы бастаған Шәкәрім шаңырағының қонақтары мен профессорлық-оқытушылық құрамын Қазақстанға еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ұлағатты ұстаз Тұрсынғазы Рахимов атындағы Камералық залдың



ашылу салтанаты күтіп тұрды.

«Қазағым-ай!», «Дариға, домбырамды берші маған!», «Сәби болғым келеді» әндерімен танымал, отыз жылдай қазақ даласын шарлап, өз өнерімен қалың қауымды сүйсіндірген, Семейлік әнші, композитордың мұрасы мен әншілік мектебін дәріптеп, дамыту – маман ғана емес, дарындардың ашылуына да сеп болып отырған оқу орнымыздың бір мұрат-мақсаты.

Төбе биіктігі 8 метр болатын 150 шаршы метр мөлшеріндегі залдың оң жақ қапталдағы қос есікті босағасы негізінен өнер көрсететін өнер иелеріне арналған. Себебі ол босаға аттаған бетте 30 кісілік оркестр немесе хор тобы сыйып кететін камералық залдың талғамына сай жасалған сахнаға апарды. Салтанат күні онда «Музыкалық білім беру» бағдарламасының студенттері мен оқытушыларынан құралған оркестр отырды. Ал, сол жақ қапталындағы қос есікті босаға залдың көрермендер отыратын алаңға апарды. Екі босаға аралығындағы қабырғаға атақты композитордың

өмірінен сыр шерткен фото галерея орналастырылған. Тәрдегі үлкен сахнаның артында проектордың кескін-сәулесі үшін дайындалған биіктігі 6 метрдей болатын «экран» қабырға. Салтанат күні онда Тұрсынғазы Рахимовты еске алу кешінің «Дариға, домбырамды берші маған!» атты тақырыбы мен композитор суреті бар баннер-афишаның кескін-сәулесі анық көрініп тұрды. Көрермендер отыратын алаңның үстінде балконы бар. Онда музыкалық аппаратура, проектор, сахнаға бағытталған жарық пушкалары орналасқан. Аталған жабдықтарға ие болатын музыкалық оператор, жарық түсіруші, т.б. техникалық жұмыс тобы балконға жоғарыда аталған «Art Hall» көрмесі жасақталған 2-қабат арқылы кіре алады.

Залдың ашылу салтанатының лентасын қию рәсімі композитордың жары Фатима ханым мен Т.Рахимовтың елу жылға жуық бір жүріп, сыйласқан сыралғы досы, ҚР Мәдениет қайраткері, «Тұрсынғазы Қорының» директоры Азаматов Адай Зейнолдаұлына берілді. Тарихи сәтті сахнадағы оркестрдің ойнақы, төкпе күйі көмкеріп, келген жанды рухтандырып жіберді.

Рәсімнен кейінгі «Дәриға домбырамды берші маған» атты еске алу кешінің шымылдығын университет басшысы Ердәмбеков Бауыржан Амангелдіұлы ашты.

«Әншілік дарыны мен композиторлық қарымы мұқым қазаққа мәлім Тұрсынғазы ағаның тұлғалық тұрпатын қалыптастырған нәрсе әнмен үндескен адамгершілік болмысы еді. Қарапайым, аңғал, аңқау тұрғысы мен құрдастарының қалжың сөздері әншілік келбетін айшықтап, халық арасында көркем бейнесі қалыптасты. Халқы оның сол аңқылдаған, адалдық аңқып



БЕРШІ МАҒАН!»

тұратын мінезін ерекше құрметтеп, сүйетін, сүйеді. Алпыстан астам әннің авторы.

Жүсіпбек Елеубековтей халықтан шыққан дарынның шәкірті болған Тұрсынғазы аға ұлттық нақыштағы ән мәнерін бойына сіңіріп, болашақ әндеріне де сол халықтық әуездің ерекше саздарын қосып отыратын. «Сәби болғым келеді» деп әуелей көтерілген ән сөзімен үндесіп, адам болмысының ерекше қырын танытса, «Дариға, домбырамды берші маған» деп, «Көкейкесті» күйінің әсерімен жан дүниені баурап алар жаңа әнін дүниеге келтірді», - дей келе Бауыржан Амангелдіұлы Т.Рахимовтың шығармашылық өмірбаяны мен әндерінің ерекшелігін талдап берді.

Ректор сөзінен кейін Шығыс Қазақстан облысының «Сәби болғым келеді» байқауының Бас жүлдегері, «Музыкалық білім беру» бағдарламасы бойынша оқитын университетіміздің 2 курс студенті Темірбек Нұрлыбектің орындауында композитордың бар болмысына айналған аталмыш әні шырқалды. Зал тебіренісі мен ризашылығы әркімге-ақ байқалып тұрды.

Университетіміздің құрметті профессоры, қылқалам шебері Нұрбұлан Өтепбаев өзінің құттықтау сөзінен кейін Фатима жеңгемізге Тұрсынғазы ағамыздың портретін тарту етті.

Ән кешінің салтанатын өнерпаз қонақтар жалғады. Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық колледжінің ұстазы Алтын Смасейітова, Данияр Ахмадиев, Жасұлан Тәжиевтар ұстаздары жайлы тебіреніске толы естеліктерін айтып, композитордың әндерін орындады.

Семей қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ди-



ректоры, ақын Қайрат Сабырбай ізгі лебізін білдіріп, облыстық мәдениет басқармасының құттықтау адресатын университет басшысына табыс етті.

1998 жылы Төлеген Мұхамеджанов әнші-композитордың Астанада Жүсіпбек Елеубековтің ән мектебін ашуына кеңес береді. Тұрсынғазы ағамыз бала мінезіне салып, көшуге Семейін қимай, ұсынысты қабыл ала алмайды. Төлегендей азамат көңіліне де қарайлаған ағамыз «Нені аңсаймын?» әнін жазып, сәлем қылып жіберген екен.

«Музыка және өнер» кафедрасының ұстазы, дәстүрлі әнші Қайрат Қабашев аталмыш әнді нақышына сала орындай келе, Тұрсынғазы ағамыздың нотаға түспеген «Шыңғыстау елім қалды-ау» әнінің тарихын айтып, кафедра ұстазы Ақмарал Мыңбаевамен бірге орындап берді.

Кештің қорытынды бөлімінде Т.Рахимовтың жары Фатима ханым

бен композитордың досы Адай Азаматов университет ұжымына алғыстарын білдіре келе университет басшысын «Тұрсынғазы Қоры» атынан «Т.Рахимов атындағы сыйлықтың лауреаты» төсбелгісімен марапаттады.

«Музыкалық білім беру» бағдарламасы студенттерінің академиялық хорының орындауында «Дариға, домбырамды берші маған!» және «Қазағым-ай!» шырқалды. Бүкіл қазақтың жүрегінен жол тапқан бұл екі ән әсерлі өтіп жатқан кешті одан сайын рухтандырып жіберді.

Дарынды еске алу кешін жүргізген ақын, университетіміздің 2 курс магистранты Айбек Жеңісқазин кеш соңын Алмахан Мұхаметқалиқызының шынайы шумақтарымен аяқтады:

*Еркелеу етіп сені елің,
Ән менен жырға бөледің.
Ерітіп жанды әуенің,
«Сәби де болған әуенің».
Сәбидей аңғал бапасың,
Сырт көзге жәй бір ағасың.
Тұрсынғазы боп тарихқа
«Ақ бөкен» болып барасың.*

Рухани күшті сезіндірген, Тұрсынғазы әлемін танытқан әсерлі кеш көптің көңілінен шықты. Кеш сценариіне ие болып, университет ұстанымы үдесінен шыға білген - Гуманитарлық-экономика факультеті. Факультет деканы Бактыгуль Бодауова мен кафедра жетекшісі Марал Татиева ұйымдастырушық қабілеттерін таныта білді.

Апта сайын ел мүддесі үшін өзекті тақырыптарды өзіне жүк еткен Шәкәрім шаңырағының тынысы кеңейе берсін!

Еркебұлан МҰҚАШЕВ
Media орталық жетекшісі



◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

ҒАЛЫМ АДАЛДЫҒЫНА ҚҰРМЕТ

Биылдан бастап университетімізде қолға алынған «Семей рухы» бастамасының басты мақсаты – шапағаты жалпақ қазақ жұртына жеткен туған өлкеміздегі тұлғаларды дәріптеу және олардың рухани мұрасын бүгінгі ұрпақ игілігіне жарату болып табылады.



Наурыз айында аталмыш бастама жоспарына «30 жылдыққа 30 игі шара» аясында оқу орнымызда тарихшы-ғалым, археолог Амантай Исаұлы Исиннің ғылыми кітапханасының ашылуы енгізілген болатын.

Шындығында ғалымдардың өз оқу орнында атаулы ғылыми кітапханасын ашу - сирек кездесетін үрдіс. Университет басшысы наурыз айында өткен оқу орнының ғалымдарымен кездесуінде осы үрдістің бастамасын археолог-ғалым Амантай Исаұлы Исинге ұсынған болатын. Өмірін ғылыммен өрнектеп, білгенін шәкірттерге арнап келе жатқан ғалым университет басшысының ұсынысын жылы қабылдап, үрдісті толықтай қолдайтынын айтты. Ақылдаса келе, игі шара ғалымның Тәуелсіздік күні қарсаңына тоқайласа

жететін мерейлі 70 жасы күніне белгіленді.

Бүгін сол жоспардың мерелі шағы болып, Шәкәрім шаңырағының №8 ғимараттың 2-қабатында ұстаз, ғалым Амантай Исаұлының 70 жылдық мерей тойына орай атаулы кітапханасының ашылу салтанаты өтті. Кітапхана жалпы көлемі 90 шаршы метр мөлшеріндегі 2 бөлмеден тұрады. 1-бөлмесі «Оқу залы», 2-бөлме – «Кітапхана қоры». «Оқу залына» ілінген қабырға стендтерінде ғалымның өмір жолы, ғылыми жаңалықтары, ғылыми сапарлары мен экспедициялары айшықталған. «Кітапхана қорының» ең басты құндылығы – ғалымның қолжазбалары және сирек кездесетін жәдігерлер. Сондай-ақ, ба-

сым бөлігі республикалық кітапханаларда да табыла бермейтін Амантай Исаұлының өзі оқып жинаған кітаптар қоры мен 1970 жылдардан бері келе жатқан республикалық ғылыми газет-журналдар тігіні жылдар-жылдар бойынша папкалармен қатталған. Мұнда ғалымның жеке қызығушылығы – кеңес заманынан келе жатқан, бала кезінен жинаған «значоктар» коллекциясы да бар. Кітапхананың ашылу салтанаты «Тұлға. Тарих. Қоғам» атты халықаралық форуммен жалғасты.

Шараның алғы сөзінде Шәкәрім университетінің басшысы Б.А.Ердембеков: «Еліміздің Шығысы археологиялық жәдігерлерге бай. Алдымызда талай жошпарлы жұмыстар тұр. Соның бірі – тау бөктерімен жер қыртысынан халқымыздың тарихын танып, мәдениетінің дәуірін тауып жүрген сіздей тұлғаның археологиялық мектебін қалыптастыру. Сізге шәкірт жоқ емес, Шәкәрім университеті солардың басын қосатын және сіз сияқты туған жеріне адал білімді археологтарды оқытып шығаратын оқу орнына айналу керек», - деді.

Еліміздің және шетелдік археологтары мен ғалымдары форумға онлайн қатысты. Форум барысында Шәкәрім университетінің профессоры, тарих

ғылымдарының кандидаты Мұхтарбек Қарпықұлы Кәрімовтың «Өмірі ғылыммен өрнектелген тұлға», тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Берел» қорық-мұражайының бас ғылыми қызметкері Самашев Зейнолла Самашұлының «Тарбағатайдағы көне үріктер заманының ғұрыптық кешені», тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлының «Елекесазы алтын сәйгілігі және сақ-скиф археологиясының кейбір мәселелері» атты баяндамалары тыңдалды.

Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Тұрдықұл Шаңбай бастаған қала зиялылары мен қайраткерлері ғалымды арнайы құттықтап, сый-тарту беріп құрмет көрсетті.

Шараны ұйымдастыруда университет ұстанымы үдесінен шыға білген - Гуманитарлық-экономика факультеті. Факультет деканы Бактыгуль Бодауова, Тарих және құқық кафедрасының жетекшісі Назигул Газизова.

Сөз соңы. Атаулы кітапхананы аралап өткен жан ғалымның ғылым жолындағы шығармашылық лабораториясын танып, «Амантай Исин» әлеміне саяхат жасағандай болады. Кездескен жанмен шешіліп сөйлей бермейтін, томаға мінез ғалымның жаны мен әлемін танығыңыз келсе атаулы кітапханаға келіңіз, сонда тарих пен ел құндылықтарына ғалым көзімен баға бере аласыз!

P.S. Алдағы уақытта университеттің Медиа орталығы «Шәкәрім – ғалымдар мекені» айдарымен Амантай Исиннің болмысы мен еңбектері жайлы сыр-сұхбаттық, танымдық фильм ұсынатын болады.

**Еркебұлан МҰҚАШЕВ
Медиа орталық
жетекшісі**





және ұйымдастыру нысаны арқылы жетуді көздейді. Ол өзі көп мақсатты, қызметті, болжамды стратегиялық, ұзақ мерзімді мақсаттар және тактикалық мақсаттарды, таяудағы жалпы және жеке мақсаттарды көздейді. Мақсаттар жастар ерекшеліктерін есепке ала отырып тәрбиелік әсер етуді нақтылайды, ол белгілі бір форма және қызметке байланысты адамдар, сонымен қатар құқықтық тәрбиені жүзеге асырушы органдар арқылы жүргізіледі.

Құқықтық белсенділік - жастардың әлеуметтік – құқықтық шеңбердегі қызметте белгілі дәрежеде пәрменділікке жету, құқықтық міндеттерді қарапайым талаптарға бейімдеудегі міндетті әрекетке ие болу жағдайы. Аталмыш қызметтер қосымша уақыт, күш-қуат, және материалдық шығындармен байланысты. Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға келесідей негізгі қағидаттарды сақтағанда жетуге болады: ғылымилық,



"ҚҰРМЕТ" ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

*Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығымен
Шәкәрім университетінің
профессоры Мұхтарбек
Қарпықұлы Кәрімов
«Құрмет» орденімен мара-
патталды!*

Марапатқа ұсынған
Дүниежүзі қазақтары
қауымдастығының төрағасы
Зауытбек Қауысбекұлы уни-
верситет профессорының
кеудесіне «Құрмет» орденін
тақты.

Құрметті Мұхтарбек
Қарпықұлы! Ғалымға тән
еңбекқорлығыңызбен, ұстазға
тән мәдениеттілігіңізбен ел
құрметіне бөленген жансыз,
бүгінде мемлекеттік дәрежеде
бағаланып, өзіңізге лайық
марапатты алғаныңызға
қуаныштымыз!

*Шәкәрім
университетінің
Media орталығы
Shakarim University
Media centre*



Нүргүл БАШАЕВА
"Тарих және құқық" кафедрасының
аға оқытушысы, құқықтану магистрі

ӨЗ ҚҰҚЫҒЫНДЫ БІЛУ – ӨМІРІҢЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛЫ

Тәуелсіз мемлекетіміздің өркен жаюының негізі білімді, тәрбиелі, өнегелі жастарды қалыптастыру. Қазақстанның өсіп-өркендеуінің кілті жастарда екендігін Ел-басы да баса айтқан еді. Жастар – еліміздің саралы жолын дамытудың болашағы. Қазіргі таңда жастар қоғамды дамытудың барлық саласында белсенділік танытуда. Соған қарамастан жастар арасында қылмыстың өсе түсуі, жағымсыз мінез-құлқтар мен әдеттердің көрініс алуы кездесіп отыр. Сандық мәліметтерге сүйенсек, көп жағдайда қылмыскерлер мен бұзақылардың жастық ерекшеліктеріне аса мән берілмейді. Бұл топтағы жастар отбасын құрып, мемлекетіміздің белсенді жасаушысы болмақ түгілі, өздерінің және өзгелердің өмірлеріне жауапсыз қарайтындығы анық. Батыс мәдениетіне еліктеушілік жастардың бойында жағымсыз қылықтардың дамуына алып келіп отыр. Жастар арасындағы жыныстық қатынас, кісі өлтіру, бейбастық, қарақшылық, еркін махаббат, жоспарланбаған жүктілік, тастанды бала және т.б. қатты алаңдатушылықты тудырады. Мұндай бейбастық іс-әрекеттер ұлттық тәлім-тәрбиеге, этностық қарым-қатынасқа түбірімен қарсы бағытталғанын естен ердайым шығармау қажет. Қоғамымызда болып жатқан осындай келеңсіз, кесірлі құбылыстарға қазақ жастары болашағының едәуір бөлігі елігіп, еліктеуі қанат жайып бара жатқаны бізді алаңдатары сөзсіз. Аталмыш жағдайлар азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, арттыру мәселесін алға қояды.

Көпшілік арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі мынандай болды: біріншіден: мәмілелерді растайтын заттардың құқықтық маңызы бар екенін тіптен елей қоймайды. Екіншіден: өз құқықтарының бұзылу жағдайында жастардың басым көпшілігі қайда барып жүгінуді білмейді. Үшіншіден: өз беттерімен заңдылық құжаттарды рәсімдей алмайды. Төртіншіден: заңдардың бар екенін біле тұра оны іске асырудың жолын білмейді.

Елімізде құқықтық білімді, құқықтық сана мен тәрбиені одан әрі өмір талабына сай жетілдіру қажет. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру қазіргі заман талабынан туындап отыр. Өскелең ұрпаққа олардың құқықтары мен жауапкершіліктерін түсіндіру маңызды. Болашақ Қазақстанның жастары жан-жақты сауатты болу керек. Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, дамыту өзіндік мақсатқа, арнайы әдістер жетістігімен

жоспарлық, жүйелік, кезекті және дифференциялды жүйелік, кешенділікті қамтамасыз ету. Сондай-ақ тәжірибеде құқықтық сананың дамуына қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оны тарату, яғни жүзеге асыру қажет. Жастардың құқықтық сана деңгейінің мазмұны құқықтық білім алуына және оның құқықты мойындауына тәуелді. Сендіру жүйесі, сонымен қатар оны сақтау қажеттілігін тәжірибеде таратудың дағдысын қалыптастыру қажет.

Салыстырмалы түрде жастардың құқыққа деген құрметінің пайда болып заңды болары сөзсіз. Олардың алған құқықтық білімдері жеке өздерінің сеніміне айналуы қажет, ол келесідей: құқыққа бағынулары, оларды қатаң сақтаулары, одан барып – ішкі қажеттіліктеріне заңдарды жарату және оны әдетке айналдыру, нәтижесінде құқықтық және кәсіпқой заңдылық белсенділіктерін көрсетулері қажет, яғни күнделікті өмірде жүзеге асырулары керек.

Жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың келесідей амалдары бар: құқықтық насихат, құқықтық білім беру, заңдылық тәжірибе, яғни өзін - өзі тәрбиелеу немесе құқықтық өмірге бейімделу. Жоғарыда көрсетілген амалдардың астарында оның негізгі қайнар көзі құқықтық ақпарат жатыр. Ол арқылы тұлғаның оңды әрекет етуіне ықпал етудің маңызы зор. Бұл жерде ерекше орынға «құқықтық минимум» проблемасы ие болады, яғни әлеуметтік шеңберде әрбір азаматтың мәртебесіне қандай да болсын қоғамда тәуелсіз, құқықтық білімді міндетті деңгейде иеленуі қажет, яғни өзіне қажетті деңгейде иеленуі ықтимал. Бұл процесті тиімді басқару үшін нақты құқықтық ақпарат қайнар көзінің жүйесі болуы керек және оларды азаматтардың іс – жүзінде қолдануы, сонымен еңбек ұжымдары, топтардың және тұрғындардың өмір тәжірибесінде қолдануы жатады. Педагог ғалым В.В. Берманның теориясы бойынша: «Құқықтық тәрбие ғылымда адамдардың санасы мен әрекетіне белгілі бір мақсатпен ықпал ету бойынша шара қолдану жүйесі ретінде ұғындырылатын тәрбиелеудің ерекше түрі». Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ жас ұрпақтарын тәрбиелеуде «Ата Заң» нормативтерін жүйелі қолдану арқылы құқықтық тәрбие мәселесіне назар аудару, басты мақсатымыз.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ



Жалпы барлық мемлекеттердің, хандықтардың, патшалықтардың, империялардың тарихына сарптама жасап қарасақ олардың құрылуына үш негізгі фактор себеп болады. Осы үш фактор тарих сахнасына шыққан барлық мемлекеттердің пайда болуына тірек болған. Бұл мемлекеттердің арасында қазақ хандығы да бар. Қазақ хандығының құрылуына тікелей әсер еткен факторлар саяси, этностық және тұлға факторы. Енді осы факторларды жеке – жеке алып бұлардың Қазақ хандығының құрылуына қаншалықты әсер еткенін қарастырайық.

1) Саяси фактор. Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV-XV ғасырларда орын алған әлеуметтік – экономикалық және этникалық – саяси процестерден туған заңды қоғамдық құбылыс. XV ғасырдың 50-70 жылдары аралығында Әбілхайыр хандығынан Жетісудың Шу мен Талас өзендерінің жазығына 200 мыңдай адам көшіп келді. Бұл кезде Жетісуды билеп отырған Моғолстан ханы Есенбұға (1434-1462) қазақтардың мұнда қоныс аударуына қарсы болмады. Өйткені оның да өз есебі бар еді. Есенбұға қазақ ру – тайпаларын өзінің ішкі және сыртқы саясатында, атап айтқанда, Әбілхайыр хандығына және Шығыстан күшейіп келе жатқан ойраттар шапқыншылығына қарсы күресте, сондай – ақ хандықтың өз ішіндегі феодалдық алауыздықпен талас-тартысты тоқтату үшін пайдалануды көздеді. Ал қазақтардың Жетісу жеріне қоныс аударуының басты себебі, Әбілхайырдың қол астында қанаушылықтың күшеюі болса, екінші себебі, оларды Шыңғыс әулетінен шыққан Керей мен Жәнібек сұлтандардың жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру, оның тәуелсіз саяси және экономикалық дамуын, қамтамасыз ету жолындағы қадамы мен қызметі өзінің ықпалын тигізді. 1465 ж Керей мен Жәнібек Жетісудағы Қозыбасы деген жерде алғаш қазақ хандығының туын тікті. Керей мен Жәнібек құрған қазақ хандығының жалауы көк түсті, жиегінде үш жұлдызы және ортасында алты бағытқа тараған

оюлы өрнек болған. Тудың көк түсті болуы хандықтың көк аспандай еркіндігін, бостандығын, ал алты бағытқа тараған оюлы өрнек «Алты Алаш» деген мағынаны білдірсе керек. Қазіргі егеменді Қазақстанның жалауы да осыған нышандалып жасалса керек.

2) Этностық фактор. XV – XVI ғасырларда қазақ халқы мен оның этникалық территориясының құрылып, қалыптасуының сан ғасырлық процесі негізінен аяқталады, іс жүзінде ол қазақтар кейінгі ғасырларда мекен етіп келе жатқан жер шебімен сәйкес келеді. Орталық Азияның XV – XVI ғасырларда құрылған басқа да түрік тектес халықтары сияқты, қазақ халқының да этникалық негізін, өткен замандарда әр тілде сөйлеген, толып жатқан тайпалар қалаған болатын. Қазақ халқының құрылуына себеп болған этногенетикалық процестердің бастау көзі мүлде ежелгі уақыттан – алғашқы қауым қоғамының ыдырау дәуірінен барып шығады. Бастапқы кезде бұл процес байырғы халықпен байланысты болған. Бірақ содан кейінгі даму барысында ол бірте-бірте Орталық Азияның байтақ жазығында өтіп жатқан этникалық процестерге тәуелді бола берді. Қазақстан жеріндегі этникалық тарихтың жылжуы, әртүрлі кезеңдерде аса ірі этникалық және этно-саяси қауымдастықтардың ақыр соңында – Қазақ халқының құрылу тарихына әкеп соқтырды.

XV ғасырдың басындағы Қазақ хандықтары ш а ш ы р а н д ы л ы ғ ы н а қарамастан бірыңғай этникалық халықтан тұрды. Бұл кезеңде бүкіл Қазақстан территориясында әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршіліктің бірыңғай

болғаны, әртүрлі тайпалармен ру бірлестіктерінің этникалық белгілерінің ортақтығы байқалады. Түркі тайпаларының – үйсіндердің, қыпшақтардың, н а й м а н д а р д ы ң , арғындардың, дулаттардың, алшындардың және басқалардың тілдері негізінде диалектілік аз ғана өзгешелігі бар бірыңғай қазақ тілі қалыптасты. Тұтас алғанда қазақ халқы қалыптасқан этникалық және тарихи орта негізінен жергілікті түрік тілдес тайпалар мен жекелеп ауып келген Алтай, Оңтүстік Сібір және Орталық Азиядан шыққан түркі және моңғол тайпаларынан тұрды.

Қазақтардың этникалық қауымдастығының қазақ халқы болып бірігу процесінің XV ғасырда аяқталуы көптеген ғалымдардың пікірінше қазақ хандығының құрылуына тікелей әсер еткен. Этнос ретінде олардың осы кезеңде бірігіп, халық бола бастауы территориясының ортақтығына, мәдениетінің бірлігіне, сондай-ақ бүкіл этносқа түсінікті тілге негізделді.

Қазақ хандығының құрамындағы тайпалар арасында этностық туыстық болмаса олар бір шаңырақ астына ешқашан бірікпес еді. Соның нәтижесінде қазақ хандығы да құрылмас еді. Сондықтан да мен этностық факторды қазақ хандығының құрылуына әсер еткен негізгі факторлардың бірі санаймын.

3) Тұлға факторы. Мемлекеттің құрылуы мен гүлденуінде тұлғаның маңызы зор. Халықты өз сөзіне қарата алатын билеуші ғана ел тізгінін ұзақ уақыт ұстап мемлекетін өркендеті алады. Нағыз ел басқаратын тарихта қалатұғын тұлға өз сөздерін ісімен дәлелдей білу керек.

Қазақ хандығының құрылуына Керей мен Жәнібектің үлесі зор. Осы екі тұлғаның харизмасы арқылы дербес мемлекет идеясы туындады. Керей мен Жәнібек алғашында аз болса дүйім жұртты өз артынан ерте білді. Егерде Керей мен Жәнібек дер кезінде саяси ахуалды пайдаланып Әбілқайырдан бөлініп шықпағанда қазақ хандығы құрылмас еді. Қазақтар сол бір мемлекеттің ішіндегі этностық топ қана болып қала берер еді. Керей мен Жәнібектің орнында басқа сұлтандар болса онда олар Әбілқайырдың қарамағында қала беретін еді немесе басқа мүлде қате шешім қабылдар еді. Қай жағынан алып қарасақ та Керей мен Жәнібек қазақ үшін тарихи өр тұлға. Бұл екеуі атақты Ұрыс ханның шөберелері, Шыңғыс тұқымынан шыққан сұлтандар. Ертеден өздерінің жауынгерлік, ел билеушілік қабілеттерін халыққа таныта білген жандар. Бұлар Орда Ежен әулеті мүшелері. Негізінен қазақ жері ертеден Орда Ежен тұқымдарына тиесілі болатұғын. Бірақ 1428 ж Жәнібек ханның әкесі Барақтың қайтыс болуы мен елде таққа талас басталды. Тақ үшін күресте төрелердің қолдауы мен он сегіз жасар Шайбани ұрпағы Әбілқайыр отырады. Ол Ақ орда мемлекетін түпкілікті жойып жіберіп жаңа жүйедегі өз хандығын құрады. Керей мен Жәнібек әрине бұған қарсы болды, бірақ өздерінің көрегенділігінің арқасында әскери төңкеріс жасамады. 1457 жылы ешбір ұрыста жеңіліп көрмеген Әбілқайыр Ойраттардың Үзтемір Тайшысынан Сығанақ түбінде маскара болып жеңілді. Осы кезде бұрыннан дайындалып отырған Керей мен Жәнібек Әбілқайырдан біржола іргесін аулақ салды. Қазақ хандығының құрылып өркендеуіне осы Керей мен Жәнібектің дер кезінде Әбілқайырдан бөлінуі, одан арғы олардың саяси сауаттылығы, тарихи тұлға ретіндегі күш қуатының молдығы зор әсер етті.

Анар БАҚЫТЖАНОВА
«Тарих және құқық»
кафедрасының
аға оқытушысы, т.ғ.к.

◆ 30 ЖЫЛДЫҚҚА 30 ИГІ ШАРА ◆

В ШАКАРИМЕ ПРОШЛО ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ

09 декабря прошла международная научно-практическая конференция «Экономика и образование Казахстана: новые вызовы и реалии», посвященная 80-летию со дня рождения доктора экономических наук, профессора, академика Апсальямова Надирбека Апсальямовича. Конференцию организовал и провел Университет имени Шакарима в формате онлайн и офлайн.



Утром прошло торжественное открытие мемориальной доски в честь выдающегося ученого, доктора экономических наук, профессора, академика Казахстанской национальной академии естественных наук РК, академика Академии педагогических наук РК, почетного профессора Академического союза Оксфорда Апсальямова Надирбека.

В торжественной церемонии приняли участие Председатель Правления Б.Ердембеков, руководители вузов, директора банков, ученые вузов Республики Казахстан, профессорско-преподавательский состав, родные и близкие профессора Апсальямова Н.А., общественные деятели страны и студенческое сообщество.

С вступительным словом выступил Ректор Университета Б.Ердембеков. В своей речи он отметил, что Надирбек Апсальямович внес неоценимый вклад в стратегическое развитие учебного заведения, а также в сферу «экономики и финансов» и сказал, что открытие доски для профессора в университете станет примером для

молодого поколения.

Право открытия мемориальной доски было предоставлено Почетному гражданину Восточно-Казахстанской области Сапарову Болату Сапаровичу и внуку Надирбека Апсальямовича Апсальямову Алишеру.

Во второй части мероприятия была организована выставка научно-методических трудов профессора Н.А.Апсальямова. В ходе торжественного открытия конференции «Экономика и образование Казахстана: новые вызовы и реалии» выступил Первый вице-министр национальной экономики Республики Казахстан Т.Жаксылыков. В режиме онлайн конференции выступили: Чоманов Урусбек Чоманович – Академик НАН РК, доктор технических наук, профессор КазНИИ перерабатывающей и пищевой промышленности; Фадейкина Наталья Васильевна – Ректор Сибирской академии финансов и банковского дела, доктор экономических наук, профессор; Бердалиев Кенес Бердалиевич – профессор Университета Нархоз; Арзыбаев Атабек- доктор эко-

номических наук, профессор Кыргызской Республики.; Гамарник Геннадий Николаевич – доктор экономических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, обладатель двух орденов «Парасат» и «Құрмет».

С докладами на конференции выступили: Матаева Майгуль Хафизовна доктор юридических наук, профессор, проректор по правовым вопросам и антикоррупционной политике Alikhan Bokeikhan University «Становление экономических взглядов академика Национальной академии естественных наук Н.А.Апсальямова»; доктор технических наук, профессор Аганинского филиала КазНИИ перерабатывающей и пищевой промышленности Туменов Серик Ниязбекович «Деятельность Апсальямова Н.А. в развитии высшей школы Казахстана»; доктор экономических наук, профессор, заведующий кафедрой менеджмента Евразийского национального университета имени Гумилева Толысбаев Бауыржан Советович «Школа Н.А.Апсальямова – направление становления и развития».

В завершении мероприятия при обмене мнениями и открытым диалогом были озвучены вопросы, поднятые в свое время профессором Апсальямовым, остаются актуальными и в наше время. Трансформация его - взглядов явное подтверждение сегодняшней реальности.

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
журналист

«МУЛЬТИМЕДИЙНОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ В СФЕРЕ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ»

В рамках выполнения грантового проекта и празднования 30-летия Независимости Республики Казахстан в Университете имени Шакарима города Семей состоялась Республиканская научно-практическая конференция «Мультимедийное образовательное пространство как инструмент формирования коммуникативных компетенций в сфере трехязычного высшего образования».

Цель конференции: формирование мультимедийного образовательного пространства, направленного на развитие и расширение коммуникативных возможностей, запросов и компетенций языковой личности.

Работа конференции осуществлялась по следующим направлениям:

- 1.Актуальные проблемы современного образовательного пространства.
- 2.Мультимедийные технологии как средство повышения качества образования.
- 3.Трехязычное образование: опыт, проблемы и перспективы.

Организаторами конференции являются факультет филологии и кафедра иностранных языков Университета имени Шакарима города Семей.

В работе конференции приняли участие ученые Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Торайгыров университета, Казахского национального женского педагогического университета, преподаватели колледжей и учителя школ Восточно-Казахстанской области, преподаватели и магистранты Университета имени Шакарима города Семей.

С приветственным словом к участникам и гостям конференции обратились директор департамента организации образовательного процесса Университета имени Шакарима города Семей У.Б.Тлемисов, заведующий кафедрой иностранных языков и переводческого дела Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова кандидат филологических наук, профессор Г.К.Капышева и профессор кафедры трехязычия Торайгыров университета кандидат педагогических наук С.М.Байгожина.

На пленарном заседании выступили с докладами профессор кафедры иностранных языков кандидат филологических наук Г.К.Исмаилова («Развитие полиязычного образования в системе высшей школы Республики Казахстан»), старший преподаватель кафедры физико-математических наук и информатики магистр З.Т.Рахматуллина («Актуальные вопросы проектирования мультимедийных электронных курсов»), заведующий кафедрой иностранных языков и переводческого дела Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова кандидат филологических наук, профессор Г.К.Капышева («Semantic Universals»), преподаватели геологоразведочного колледжа

По итогам работы конференции были выработаны практические рекомендации, направленные на эффективное использование мультимедийных средств и современных образовательных технологий в формировании коммуникативных компетенций в сфере трехязычного образования.

Шугыла КЕНЖИНА
заместитель декана Филологического факультета

● СТУДЕНТ ҮНІ



ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН ДОСТЫҒЫ

Келесі жылы Қытай мен Қазақстан елдерінің арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанына 30 жыл толады. Өткен 30 жыл ішінде Қытай мен Қазақстан қарым-қатынасы серпілістерге қол жеткізіп, жемісті нәтижелер берді.

Екі мың жылдан астам уақыт бұрынғы Жібек жолы Қытай-Қазақстан достығының тарихи айғағы. Осыдан отыз жыл бұрын Қытай тәуелсіздігін енді ғана алған Қазақстанмен ресми түрде дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, екі халық арасындағы достық қарым-қатынастың жаңа тарауын ашты. Қытаймен қарым-қатынасты дамыту Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Өткен 30 жылда екі жақтың бірлескен күш-жігерімен Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы кемелдене түсті, достық ұғымы екі халықтың жүрегінен орын алды. Қытай мен Қазақстан – тату көршілер және жан-жақты стратегиялық әріптестер. Біз, жастар, екі тарап арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор деп есептейміз. Болашағымыздың жарқын болатынына сенімдіміз.

Соңғы 30 жылда Қытай мен Қазақстан қарым-қатынастары халықаралық істерде бірдей немесе ұқсас ұстанымдарды ғана емес, саясатта да өзара сенімнің жоғары деңгейіне ие болды. Өз елдеріндегі әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау, терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күресте тиімді ынтымақтастық құрды.

**Жәнібек АМАНОВ,
Аружан БАХЫТЖАН,
Нұрай МҰРАТ**

Филология факультетінің студенттері

● СЫР САНДЫҚ



ТУҒАН ЕЛГЕ АЛҒЫСЫМ

*Сәлем берем басымды иіп қазақ деген халқыма,
Құрмет етем өнер-салтты, сөзімде бар мағына.
Аңсап келдік жылдар бойы елімізді зарығып,
Артта қалды ата-ана алаңдайды сағына.*

*Қазақ елім қуанамын, мақтанамын өзіңмен,
Ұшқан құстай самғауыңды көрсем екен төзіммен.
Отан үшін тер төгеміз болашақта, біз жастар,
Мейірің мен мәртебеңді барған сайын сезінем.*

*Отаныма біз алыстан білім іздеп келгенбіз,
Уа, қазағым, күшіңе біз тым ерекше сенгенбіз.
Күе болды жұдырықтай лүпілдеген жас жүрек,
Туған елде дархан халық барына біз сенгенбіз.*

*Оралғанбыз оралман боп білім үшін өзге елден,
Жат жерде де еңсем биік, еш жамандық көрмегем.
Мақтанамын ұлтым – қазақ, Қазақстан – Отаным!
Байырғыша түзу жолмен жақсылыққа үндеген.*

Гүлмира КЕРІМБАЙ
Ғылыми кітапхана қызметкері,
Филология факультеті,
Шет тілдер кафедрасының
қытай тілі оқытушысы

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ


*Тәуелсіздік арман болған сан ғасыр,
Ата-бабам аңсап өткен қанша жыл?
Қиындықпен жеткен қазақ жеріне,
30 жыл толғалы отыр бүгінде.*

*Егемен күн жетті-ау қазақ жеріме..
Жусан аңқып кең даланың төріне.
Орындаған ата-бабам арманы,
Тәуелсіздік бақ сыйладың еліме.*

*30 жыл ішінде бұл Қазақстан,
Алғашқы ондыққа да қадам басқан.
120 ұлт, мемлекетпен достасып,
Болашаққа рухани бағдар ашқан.*

*Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым,
Ата-бабам мұрат еткен ай-күнім.
Қазақ жері, қазақ елі мен үшін,
Ешнәрсемен өлшенбейтін байлығым.*

Альмира ИБРАИМОВА
Филология факультетінің студенті



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАҚ

Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Жауапты редактор:
МУҚАШЕВ Еркебұлан

Журналист: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

semgu_2020@bk.ru
www.shakarim.edu.kz
@universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.
Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ баспаханасында
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а